

1994 жылы туған жастарды Павлодар қаласының шақыру учаскесіне тізімге алуды жүргізу туралы

Күшін жойған

Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімінің 2010 жылғы 06 желтоқсандағы N 25 шешімі. Павлодар облысы Павлодар қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 27 желтоқсанда N 12-1-164 тіркелген. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімінің 2011 жылғы 07 қыркүйектегі № 18 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімінің 07.09.2011 № 18 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33-бабы 1-тармағы 13-тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 17-бабының 3-тармағына сәйкес **ШЕШІМ қабылдаймын:**

1. Қосымшаға сәйкес 2011 жылдың қаңтарынан наурызына дейін 1994 жылы туған жастарды, сондай-ақ бұрын тізімге алынбаған ересектерді Павлодар қаласының шақыру учаскесіне тізімге алу жүргізілсін.

2. Ұсынылсын:

1) меншік нысанына қарамастан ұйымдардың, мекемелердің және оқу орындарының басшыларына талап етілетін құжаттарымен тізімге алынатын жастардың Павлодар қаласы қорғаныс істері жөніндегі басқармасына уақытында келуін қамтамасыз етсін;

2) емдеу мекемелерінің бас дәрігерлері тізімге алу жұмысы басталысымен жастар арасында емдеу-сауықтыру жұмысын ұйымдастырсын және емдеуді қажет ететіндерді жасөспірімдер кабинеттеріне дербес есепке алсын. Жасөспірімдер дәрігерлерінің жастарды медициналық куәландыруда қатысуын ұйымдастырсын.

3. "Павлодар қаласы қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі 1994 жылы туған жастарды, сондай-ақ бұрын тізімге алынбаған ересектерді шақыру учаскесіне тізімге алуды ұйымдастыру мен өткізу үшін шығыс сметасына сәйкес ақша қаражатын бөлсін.

4. Павлодар қаласы әкімінің 2009 жылғы 22 желтоқсандағы "1993 жылы туған жастарды Павлодар қаласының шақыру учаскесіне тізімге алуды жүргізу туралы" N 39 шешімінің (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 12-1-149 тіркелген, 2010 жылғы 2 ақпандағы "Сарыарқа самалы" N

11 газетінде, 2010 жылғы 1 ақпандағы "Версия" N 4 газетінде, 2010 жылғы 8 ақпандағы "Версия" N 5 газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

5. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар қаласының әкімі

Б. Жоламанов

Павлодар қаласы әкімінің
2010 жылғы 06 желтоқсандағы
N 25 шешіміне
қосымша

**1994 жылы туған жастарды Павлодар қаласының шақыру
учаскесіне тізімге алуды жүргізу КЕСТЕСІ**

[illegible]

14	"Гуманитарлық колледжі" коммерциялық емес білім беру мекемесі	13					13												
15	"Шығармашылық колледжі" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	7					2	5											
16	"Павлодар медициналық колледжі" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	6					6												
17	"Қазақ-түрік жастар лицей-интернаты" мемлекеттік мекемесі	16					16												
18	"Еуропалық тілдер гимназиясы" мекемесі	6					6												
19	N 41 жалпы орта білім беру мектебі	31					17	14											
20	Абай атындағы N 10 лицей-мектебі	20					20												
21	"N 8 кәсіби лицей" мемлекеттік мекемесі	33					16	17											
22	"Политехникалық колледжі" мекемесі	51						33	18										
23	"Машина жасау колледжі" мемлекеттік қазыналық коммуналдық кәсіпорны	20						20											
24	N 6 жалпы орта білім беру мектебі	16						2	14										
25	N 34 жалпы орта білім беру мектебі	33						10	23										
26	N 29 жалпы орта білім беру мектебі	33							13	20									
27	N 26 жалпы орта білім беру мектебі	30							30										
28	N 19 жалпы орта білім беру мектебі	27								27									
29	N 1 жалпы орта білім беру мектебі	12								12									
30	"N 13 кәсіби лицей" мемлекеттік мекеме	12								11	1								
31	N 25 жалпы орта білім беру мектебі	13									13								
32	"N 16 лицей-мектебі" мемлекеттік мекеме	35									35								
33	N 17 жалпы орта білім беру мектебі	21									1	20							
34	N 9 жалпы орта білім беру мектебі	51										30	21						

[illegible]

[illegible]

[illegible]

